

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына, ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қалалық мәслихатының 2009 жылғы 13 шілдедегі N 20/4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 2009 жылы 30 шілдеде N 10-1-115 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қалалық мәслихатының 2012 жылғы 29 наурыздағы N 3/5 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қалалық мәслихатының 2012.03.29 N 3/5 Шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Шешімнің атауына өзгеріс енгізілді - Қызылорда қалалық мәслихатының 2010.10.27 N 35/9 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес Қызылорда қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына, ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы Қағидасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармағына өзгеріс енгізілді - Қызылорда қалалық мәслихатының 2010.10.27 N 35/9 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

2. Осы шешімнің орындалуы Қызылорда қалалық мәслихатының әлеуметтік мәселелер және жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясымен (М.Баекеев) және Қызылорда қаласы әкімдігімен қадағалансын.

3. Осы Қағидаға сәйкес әлеуметтік көмек алатын мамандардың тізімін жасауды ұйымдастыру Қызылорда қаласы аумағындағы ауылдық округтердің әкімдеріне жүктелсін.

4. "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт салалары

мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" Қызылорда қалалық мәслихаттың 2009 жылғы 18 маусымдағы кезекті XIX сессиясының N 19/4 шешімінің күші жойылсын.

5. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық мәслихаттың
кезектен тыс XX сессиясының төрайымы Н.ЖАППАРОВА

мәслихатының хатшысы

Қызылорда қалалық
И.ҚҰТТЫҚОЖАЕВ

қ о с ы м ш а

Қызылорда қалалық мәслихатының
2009 жылғы 13 шілдедегі
кезектен тыс XX сессиясының
N 20/4 шешімімен бекітілген

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына, ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы Қағидасы

Ескерту. Шешімнің қосымшасына өзгеріс енгізілді - Қызылорда қалалық мәслихатының 2010.10.27 N 35/9 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДА

1. Осы қағида ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына, ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру мамандарына (әрі қарай - әлеуметтік көмек алушылар) отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақшасына өзгеріс енгізілді - Қызылорда қалалық мәслихатының 2010.10.27 N 35/9 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

2. Әлеуметтік көмек алушыларға көмекті тағайындау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы жүзеге асырылады.

2. ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУҒА ЖАТАТЫН МАМАНДАР ТІЗБЕСІ

3. Әлеуметтік көмек алуға төмендегі тізбедегі мамандар жатады:
-ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына, ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру мамандарына жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек беріледі.

Ескерту. 3-тармақшасына өзгеріс енгізілді - Қызылорда қалалық мәслихатының 2010.10.27 N 35/9 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

3. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ

4. Әлеуметтік көмек жыл сайын жергілікті бюджет есебінен өкілетті орган бекіткен мөлшерде жылына бір мәрте беріледі.

5. Әлеуметтік көмек алушылардың отбасында бірнеше мүшесінің әлеуметтік көмекке құқы бар болған жағдайда көмек отбасының әрбір мүшесіне беріледі.

6. Бағдарламаның әкімшісі қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі болып табылады.

7. Әлеуметтік көмек алу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көмек алушының арызы (өтініші);

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) жұмыс орнынан анықтама;

4) тұрғылықты мекен-жайынан анықтама;

5) Жеке шотының немесе банктердегі карт – шотының көшірмесі.

Тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган болмаса, өтініш беруші құжаттарын қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне тапсырады.

Ескерту. 7-тармақшасына өзгеріс енгізілді - Қызылорда қалалық мәслихатының 2010.10.27 N 35/9 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

8. Уәкілетті орган қажетті құжаттарымен бірге өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды қарайды және көмек тағайындау немесе оны тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган тиісті шешім шығарғаннан кейін бұл туралы өтініш берушіге ж а з б а ш а т ү р д е х а б а р л а й д ы .

9. Әлеуметтік көмекке арналған қаражаттар әлеуметтік көмекті алушылардың таңдауы бойынша жеке шотына немесе банктердегі карт – шотына аудару жолымен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қызылорда

қалалық мәслихатының 2010.03.03 N 28/7 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ